

ӘОЖ 314.96

А.С. Айдарбекова*, Ә.Т. Омарова

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы қ.

*E-mail: almira777782@mail.ru

Гендерлік теңсіздік: салыстырмалы талдау

Мақалада автор қазақ қоғамындағы теңдік және теңсіздік мәселесіне тоқталған, оның ішінде әйел теңсіздігі тақырыбы көбірек баяндалған. Шығыс менталитетінің және қоғамда қалыптасып қалған көзқарастардың гендерлік теңсіздікке әсері де айтылып кеткен. Бұл мақалада автор «Гендер» ұғымына анықтама берген және де оның теориялық-әдіснамалық негізіне талдау жасаған. Сонымен қатар Қазақстан Республикасында гендерлік саясаттың қалыптасу ерекшеліктеріне тоқталған. Қазақстан қоғамындағы гендерлік теңсіздіктің факторлары қарастырылып, гендерлік теңсіздік бойынша сандық мәліметтер көрсетіліп, еркектер мен әйелдер дискриминациясы туралы айтылған. Сондай-ақ еркектер мен әйелдердің арасындағы тең құқық үшін күресі, олардың қоғам өміріне бірдей қатысуы, яғни әйелдің, ананың, қыздардың, үй шаруашылығындағы әйелдің және т.б. құқықтарын сақталуы туралы жазылған. Бұл мақалада Қазақстан Республикасындағы гендерлік саясаттың ерекшеліктері, гендерлік білім беру мәселесі, қоғамдық-саяси өмірде әйелдердің гендерлік теңдікке қол жеткізуі «гендер», «гендерлік саясат», «гендерлік теңдік», «гендерлік рөл» ұғымдарының анықтамалары кеңінен зерттелген және де қоғамдық-саяси өмірдегі, отбасындағы гендерлік теңдікке қол жеткізудің жолдары, әлеуметтенудің гендерлік аспектілері, қазіргі кезеңдегі Қазақстан әйелдерінің құқықтық жағдайы мәселелері кең ауқымда сараланып, аталып көрсетілген. Автор Қазақстан саясатындағы гендерлік теңдік және теңсіздік мәселесіне кішігірім зерттеу жүргізіп, ол зерттеудің нәтижелерін осы мақалада ұсынған. Осы зерттеу қорытындысы бойынша, Қазақстан қоғамында, соның ішінде саясатта гендерлік теңсіздік бар. Теңсіздіктің себебі – шығыс менталитеті мен «әйел саясатқа көп араласпауы керек» деген сияқты көзқарастар. Саясаттағы теңсіздіктің мысалы – әйел депутат пен министрлердің аз саны; әйелдер саясаттың әлеуметтік, денсаулық сақтау сияқты бағыттарында басым болуы қажет; әйелдер саясатта 25 пайыздай үлеске тиесілі деген тоқтамға келген.

Түйін сөздер: гендер, гендерлік теңсіздік, феминизм, маскулинизм, стратификация, дискриминация.

A.S. Aydarbekova, A.T. Omarova

Gender inequality: a comparative analysis

This article presents the theoretical and methodological basis of comparative analysis of gender inequality in Kazakhstan. The paper deals with the features of formation of gender policy in the Republic of Kazakhstan, the discrimination between men and women, gender inequalities Kazakh Society for the sociological analysis by the author.

Keywords: gender, gender inequality, feminism, masculinism, stratification, discrimination.

А.С. Айдарбекова, А.Т. Омарова

Гендерное неравенство: сравнительный анализ

В данной статье даны теоретико-методологические основы сравнительного анализа гендерного неравенства в Казахстане. Рассмотрены вопросы особенностей формирования гендерной политики в Республике Казахстан, дискриминации мужчин и женщин, факторов гендерного неравенства казахстанского общества по результатам социологического анализа, проведенного автором.

Ключевые слова: гендер, гендерное неравенство, феминизм, маскулинизм, стратификация, дискриминация.

Әлеуметтану ғылымының негізі қаланғаннан бері, теңдік пен теңсіздік мәселесі зерттеліп келеді. Қоғам – ол жалпы кең ауқымды дүние болып табылатынын бәріміз білеміз. Табиғаттың өзінде көптеген теңсіздік бар екенін байқау қиын емес. Ал қазіргі таңда зерттеліп отырған теңсіздіктің бірнеше бағыттары – материалдық теңсіздік, рухани теңсіздік, саяси теңсіздік, сонымен қатар жыныс теңсіздігі. Әлеуметтану ғылымы 150 жылдан астам уақыт зерттеліп келеді, осы уақыт аралығында қоғамның көптеген бағыттары анықталды. Әлеуметтану ғылымының әр даму кезеңдерінде теңдік және теңсіздік мәселесі терең қарастырылып, келеді.

Қоғам мүшелерінің арасында әлеуметтік теңсіздіктің табиғатын, себептерін, оның заңды құбылыс ретіндегі мәнін түсінуде әлеуметтік стратификация теориясының маңызы зор. «Стратта» деген геология термині жердің құрылымындағы қабаттарды анықтауға байланысты қолданылады. Ал қоғамға байланысты біздің ана тілімізде қабаттан гөрі «жік» деген ұғымды пайдаланғанымыз жөн. Біз тарихтан қоғамның әр даму сатысына тән түрлі стратталардың болғанын білеміз.

Біз қоғамның әлеуметтік құрылымын сөз еткенде қоғам өзінің құрылымы жағынан бірдей емес екендігін айтып кеткен едік. Қоғам адамдарының арасында теңсіздік бар. Соған байланысты олардың әлеуметтік жүйедегі алатын орындары да бірдей емес. Жекелеген индивидтер мен адам топтарының арасында әлеуметтік жіктелу бар. Оларды жіктегенде бірқатар өлшемдер басшылыққа алынады, мәселен, табыстарының көлемі, білім деңгейі, мамандықтағы мәртебесі, билікке қатынастары.

Қоғам адамдарын стратталарға жіктеудің тарихи үш типі белгілі. Олар: а) касталар; ә) сословиелер; б) таптар. Осы аталған жіктеудің үш типіне байланысты стратификациялық жүйе ашық және жабық жүйелерге бөлінеді. Қоғам мүшелерінің статустары мен әлеуметтік жағдайларын өзгертулеріне мүмкіндік бар әлеуметтік құрылым ашық стратификациялық жүйе деп алады да, ал мұндай мүмкіндік болмайтын қоғам жабық стратификациялық жүйе деп аталады.

Қоғамдағы қалыптасқан діни-наным мен дәстүр бойынша, жоғары каста мен төменгі каста адамдарының араласуларына, қарым-қатынас

жасауларына қатаң тыйым салынған. Брахмалық діни-наным бойынша, әр адам құдайдың берген тағдырына көніп, өмір бойы сонымен келісімде болуы керек.

Сословиелік жүйелер – феодалдық қоғамда орын алған стратификациялық жіктеу типі. Бұл қоғамдағы адамдар жоғары және төменгі сословиелерге бөлінген. Сословиелік статустар атадан балаға мұра ретінде беріліп отырған. Жоғары сословиеге дворяндар, дін иелері, ал төменгі сословиеге колөнершілер, шаруалар, көпестер жатқан. Бұл аталған жүйеде бір сословиеден екіншісіне өту шектелгенімен, олардың арасында кейбір жағдайда некенің орын алуы және төменгі сословие адамдарының сіңірген еңбектеріне байланысты билік тарапынан оларға жоғары сословиелік статусты сый ретінде беру сияқты жағдайлар орын алған.

«Тап» деген ұғым ғылыми айналымға жаңа заманда енді. Әсіресе XVIII-XIX ғасырларда Батыс Еуропа ойшылдарының еңбектерінде бұл ұғымның мәні негізделіп, қоғамда таптардың бар екендігін мойындау болды. Бастапқы кезде таптар деген ұғымның саяси мазмұны баса айтылды.

Тек кейін К. Маркс және М. Вебер еңбектерінде қоғамдағы таптық жіктелудің экономикалық себептері мен астарларына терең назар аударыла бастады. К. Маркс өз заманында таптар туралы ілімді одан әрі дамытып, өзінің тап күресі туралы теориясын негіздеді. Соның нәтижесінде ол әлеуметтік стратификация теориясына өз үлесін қосты. Ол таптардың пайда болуының экономикалық себептерін ашып көрсетті, бұл себептерге К. Маркс қоғамдық еңбек бөлінісі мен жеке меншіктің шығуын жатқызады. Сонымен, К. Маркс қоғамда негізгі және негізгі емес таптардың болатынын атап көрсеткен. Негізгі таптар қоғамдағы өмір сүріп тұрған негізгі меншік қатынастарының түрінен туындайды. Сонда құл иеленушілік қоғамдық-экономикалық формацияның негізі таптары – құл иеленушілер мен құлдар; феодалдық қоғамда – феодалдар мен шаруалар; капиталистік қоғамда – буржуазия мен жұмысшы табы негізгі таптар болып есептеледі.

Негізгі емес таптар – өткен дәуірден қалған немесе жаңадан қалыптасып келе жатқан қоғамдық-экономикалық формацияның таптары.

Мәселен, капиталистік қоғамда феодал мен шаруа таптарының сақталуы мүмкін.

К. Маркс қоғамда негізгі және негізгі емес таптардан басқа әлеуметтік жіктердің болатынын ескертеді. Әлеуметтік жіктер – таптың белгілерін бойына толық сіңіре қоймаған аралық таптар. Мысалы, жұмысшы ақсүйектерін алсақ, олардың жұмысшылардан артықшылықтары бар, ал буржуазиядан айырмашылығы меншік иесі емес. Олай болса, бұл тапты өз алдына бір тапқа жатқызу қиынға түседі.

К. Маркс интеллигенцияны әлеуметтік топқа жатқызады, өйткені бұл топтың да белгілі бір тапқа ұқсас белгілері аз және олар шығу тегі жағынан да әртүрлі таптардың өкілі болуы мүмкін. Сол себепті К. Маркстің ізін қушылар интеллигенцияның өзін буржуазиялық, ұқсас буржуазиялық және пролетарлық деп жіктеуді ұсынған.

К. Маркс қоғамды таптарға жіктеумен ғана шектелген жоқ. Ол капиталистік өндіріс тәсіліне жан-жақты талдау жасап, бұл қоғамдағы қанаудың мәнін түсіндірді және өзінің тап күресі туралы теориясын негіздеді.

К. Маркстің таптар жөніндегі ілімін одан әрі дамытқан В.И. Ленин болды. Ол өзінің 1919 жылы жазған «Ұлы бастама» деген еңбегінде таптарға мынадай анықтама берген: «Таптар дегеніміз – қоғамдық өндіріс жүйесінде алатын орны мен өндіріс құрал-жабдықтарына, қатынасына қарай және қоғамдық байлықтан алатын үлесінің көлемі мен сол үлесті алудың әдісіне байланысты жіктелетін адамдардың үлкен тобы, сонымен қатар таптар деп, бір топтың қоғамдық өндірістегі алатын орнындағы айырмашылыққа байланысты екінші бір топ адамдарының еңбегін қанауды айтамыз». Сонымен, маркстік ілім тапты құрайтын басты белгілерге:

- адамдар тобының өндіріс жүйесінде алатын орнын;
- олардың өндіріс құрал-жабдықтарына қатынастарын;
- еңбекті ұйымдастырудағы адамдар арасындағы қарым-қатынасты;
- қоғамдық байлықтан алатын үлестің көлемі мен оны алудың әдісін;
- қоғамдық өндірісте бір топтың басқа адамдардың еңбегін қанауын жатқызады.

Бұл белгілердің таза экономикалық сипаты болғандықтан, таптар тек экономикалық категория ретінде көрінеді.

Әлеуметтік стратификация теориясына өз үлесін қосқан М. Вебер бұл мәселеге байланысты тұжырымдамаларында К. Маркстің теориясынан өзгеше және оған ұқсас жақтары да бар екендігін айта кету керек. М. Вебер К. Маркстың қоғамның тапқа жіктелуінің объективтік экономикалық негіздері бар деген ойымен келіседі. Ол пікірді ол басқа да экономикалық факторлармен толықтырады. Біріншіден, М. Вебер таптық айырмашылықтар тек меншіктің болуы, болмауына байланысты емес, сол сияқты адамдардың жоғары білімінің болуына, мамандық түріне, кәсіби дәрежесі мен шеберліктеріне де байланысты дейді.

Екіншіден, М. Вебер адамның статусын саяси партияға, яғни билікке қатынасы деген страатаға жіктеудің өлшемдерін енгізеді.

М. Вебердің пікірінше, статус әлеуметтік топтар мен индивидтердің қоғамдағы алатын орны мен мәртебесіндегі айырмашылықты көрсетеді. Адамның белгілі бір тапқа жатуы объективтік факторларға байланысты да, ал адамның статусы білімі мен шеберлігінің дәрежесі, өмір салты сияқты субъективтік факторлармен түсіндіріледі дейді.

М. Вебер қоғамдағы тапқа бөлінуге әсер ететін факторларды ескере отырып, 4 түрлі таптарды атап көрсетеді. Олар:

- 1) капитал иелерінің табы;
- 2) интеллектуалдар мен менеджерлерден, басқарушылардан тұратын тап;
- 3) дәстүрлі ұсақ буржуазия табы;
- 4) жұмысшы табы.

Сонымен, М. Вебердің ұсынған әлеуметтік стратификация теориясында қоғамды страатаға жіктеудің біршама кең өлшемдері берілген.

Ғылыми әдебиетте қоғамның страталарға жіктелуінің басқа да өлшемдері кездеседі. Ғалымдардың көпшілігі стратификациялық құрылымның негізі адамдар арасында болатын табиғи және әлеуметтік теңсіздік екендігін мойындайды. Осы теңсіздік деген өлшем қоғам адамдарының біреулерінің басқалардан жоғары, екінші біреулерінің төмен орналасуына ықпал етеді.

Табиғи теңсіздік адамдардың табиғи жаратылыстарына байланысты (жыныс, жас мөлшері, темперамент, терісінің түсі, бойы, ақыл-ойының деңгейі) ерекшеліктерінен туындайды. Мәселен, ақыл – парасатымен, күш – қайратымен ерекшеленетін адамдар көпшілікке ықпал етіп, оларды өзіне бағынышты етуге ұмтылады.

Ерлер мен әйелдер арасындағы теңсіздік ерте заманда пайда болып, күні бүгінге дейін сақталып келеді. Барлық дерлік ерлерде әйелдерінің табыстарының көлемі ерлерге қарағанда төмен. Әйелдер арасындағы жұмыссыздықтың да деңгейі жоғары.

Әлеуметтік теңсіздіктің пайда болуына қоғамдық еңбек бөлінісі, яғни адамдардың кәсіби мамандануы ықпал етеді.

Ең көлемді қоғамдық еңбек бөлінісі еңбектің аграрлық және өнеркәсіптік деп жіктелуіне байланысты болды. Мұның өзі қала мен село өмір салтының қалыптасуына, халықтың территориялық-аймақтық жағынан жіктелуіне әкелді. Қала өмірінің селоға қарағанда бірқатар артықшылықтары бар. Атап айтсақ, еңбектің мазмұны мен түрлерінің сан алуандылығы, тұрмыстық және мәдени қызмет көрсету салаларының, саяси және басқару орталықтары мен бұқаралық ақпарат жүйесінің, ғылым мен білімнің кеңінен дамуы қалаларға тән сипатты белгілер.

Қоғамдық еңбек бөлінісі ой еңбегі мен дене еңбегінің арасындағы айырмашылықтың пайда болуына, соның нәтижесінде қоғамда білімі мен кәсіби деңгейлері жоғары адамдар тобының қалыптасуына ықпал етті. Ағылшын тілінен аударғанда гендер «тек» деген мағынаны (ағыл. gender – тек, грамматикалық ұғымы: орыс тіліндегі женский род, мужской род, средний род) білдіреді. Америкалық сөздікте оның тағы бір мағынасын табуға болады, мұнда «гендер» термині қай топқа, тапқа, санатқа жататындығын көрсететін қатынас көрінісі. Басқаша айтқанда, гендер бір нысан (не затпен) мен бұрыннан белгілі (тап, топ) басқа заттың қатынасын білдіреді.

Яғни гендер тап ішіндегі бір нысанға не индивидке сол тап ішіндегі ұстанымды, сондай-ақ қалыптасқан таптардың басқаларға қатысты ұстанымын белгілейді және бекітеді. Гендер дегеніміз – әлеуметтік қатынас (биологиялық жыныс емес); немесе әрбір жеке тұлғаның арнайы әлеуметтік қатынастар терминіндегі көзқарасы.

Гендерлік теңсіздік бұл, ең алдымен, әлеуметтік теңсіздік. Қоғамдағы әлеуметтік теңсіздік негізінен, тоқырау – қоғамдық таптардың сатылық ретке келтірілген рангпен бөлінуі (мысалы, мынадай критерийлер бойынша: байлығы, билігі, мәртебесі және басқалары) ретінде ұғынылады.

Теңсіздік адамзат қоғамының түбегейлі сипаттамасы болып табылады. Теңдік пен теңсіздік идеясының түп-тамыры ежелгі мифтер мен ертедегі діни ілімдерге барып тіреледі. Қоғамдық ой жасаған социум идеалы едәуір дәрежеде уақыттан тыс, түйінді сипатты иеленді: ол іштей қарама-қайшылыққа душар болып, ақыр соңында, күйреуге ұшырады. XX ғасырдың соңында П. Сорокиннің өз заманында жасаған қоғамның таптарға бөлінбей өз мүшелерінің нақты теңдікте болуы – миф, ол адамзат қоғамында ешқашан да ақиқатқа айналмайды деген ғылыми болжамы расталды.

Көптеген қоғамдар биологиялық айырмашылық нәтижесінде қашып құтылуға болмайтын жыныстар арасында әлеуметтік айырманы белгіледі. Гендерлік теңсіздік проблемасының тарихын зерттеушілер осы күнге дейін мифологиялық бейненің қоғамдық санада әйел табиғатының жетілмегендігін білдіретін Еваның Адамның қабырғасынан жаратылуы туралы өзектендірілу себебін таба алмауда. Адам мен Еваның тарихынан мыңдаған жыл бұрын ежелгі өркениет өзінің жаратушысы және түпкі тегі ретінде Ұлы құдай ана деген ұғым кең тараған. Өркениет бесігі қоныс тепкен барлық ауқымды аймақтарда еркек құдайлар салыстырмалы түрде, адамдар жер өңдеуді, жазуды үйренгеннен кейін пайда болған. Ертедегі жазба ескерткіштерде Ұлы құдай ананы Көк Падишасы деп атаған. Жазу, даналық, сот және соғыс құдай аналары болған.

Ұлы құдай анаға табынған қоғамда әйелдер кейінгі кезеңдерге қарағанда көбірек билік пен теуелсіздікті иеленген. Б.з.д. 3000 жылға жуық уақыт бұрын Шумерде Ұлы құдай ана храм тұрғызған, онда тек Жрецтер қызмет еткен. Олар іскерлік мәселелермен де айналысқан: олардың қолында храм шаруашылығы болған. Олардың кейбіреуі сауатты болған. Шумер аңызына сай саз кестелер мен жазуды осы әйел құдай жасаған.

Ұлы құдай ана культі туралы, ежелгі өркениетте әйелге қалай табынғаны және құрметтегені туралы жұртшылықтың көпшілік бөлігі азырақ біледі, біз бұл үшін құдай-әйел болып саналған патриархиалдық қоғамда тәрбиеленген археолог еркектердің XIX ғасырдағы ашқан жаңалықтарына қарыздармыз. Олар өздерінің ғылыми табыстарын сипаттай отырып, ежелгі өркениетте әйелдердің рөліне барабар баға бере алмады (каламады?).

Орта ғасырларда, рыцарлық кезеңде көркем

әйел культі өмір сүрді, ал әйелдердің жағдайы теңсіз болды. Еркек әйелді жоғары көтереді, оның бейнесін идеалдандырады, бірақ нақты өмірде оған басшылық жасайды. Еркек ұғымында әйел - мейірімділік, адамгершілік және әдемілік символы, тек ешқандай да тең құқықты тұлға емес. Орта ғасырда қоғамдағы әйелдердің жағдайына, әсіресе дін айрықша ықпал етті.

Орта ғасырдағы әйелдің ақиқат жағдайын толық бейнелейтін діни бастауға Библия жатады. Өз кезеңінде әлемдік діннің негізін қалаушы Христосты алып келген рухани өмірдің «жұмсақ» принциптері патриархалды қоғамда шіркеудің қаруы болды.

XVIII ғасырдағы Еуропа революциясы кезеңі жер бетіндегі адамдардың баршасының теңдігі туралы идеяны алға шығарды, бұл кезең феминизмді дүниеге әкелді. Ол әйелдердің қоғамдағы бағыныштылығына қарсы наразылығынан пайда болды. XIX ғасырда әйелдер жалпыға бірдей сайлау құқығы үшін күреске қосылды, содан кейін феминистердің қозғалысы абсолютті құқыққа жету үшін күресе бастады. Осы құбылыс толық заңды тең құқыққа жетуге бағытталған қозғалысты туғызды.

Тек индустриалды революция ғана елеулі өзгерістер алып келді, өйткені жаңа тарихи кезеңде әйелге деген қарым-қатынас қоғам қажеттіліктеріне қарай айқындалды, оның басты мақсаты әйелді қоғамдық еңбекке тарту болды және бұл міндет табысты жүзеге асырылды, ал бүкіл әлемдегі әйелдердің гендерлік бірегейленуі енді әлеуметтік теңсіздікпен күнделікті корреляцияланады. Әйелдердің шектеулі үй және отбасы әлемінен әлеуметтік аренаға белсенді түрде шығуы адам құқығы үшін күрестің елеулі бөлігі болды. Сонымен қатар еркектер мен әйелдердің арасындағы тең құқық үшін күрес және олардың қоғам өміріне бірдей қатысуы әйелдердің, қыздардың, үй шаруашылығындағы әйелдің және т.б. құқықтарын кең көлемде тану арқылы жүзеге асты.

Жыныстар арасындағы айырма гендерлік рөлі бойынша дәстүрлі әлеуметтену механизмі арқылы орныққан.

Әйел теңсіздігінің тарихын Ежелгі Египет кезеңінен бастап XX ғасырдың ортасына дейін қарастырып шыққан француз социологы Э. Сюллеро оны белгілі бір шамада «алданған үміттер ғасыры», әйелдер туралы әлеуметтік сте-

реотиптер, олардың шектеулі қабілеттері және с.с. ғасырын білдіреді деп тұжырымдады. Егер әйел өндірістегі өзінің кәсіби қызметін орындап, содан кейін үйінде «екінші ауысымды» кәсіби түрде атқарса, американ социологтарының зерттеуі бойынша, аптасына 60 сағат жұмыс істесе, «шектеулі қабілеттері» туралы айтудың жөні бар ма? Сонымен бірге әйелдер, зерттеушілер атап көрсеткендей, қызмет көрсету нарығындағы бағаламалар бойынша 600\$-ға бағаланатындай жұмыс көлемін орындайды екен. Әйелдік белсенділіктің өзіндік ерекшелігі еңбек қызметі мен үй шаруашылығын бірлестіру қажеттілігінен, сондай-ақ аналық қызметін орындаудан тұрады, сондықтан еркек және әйел жұмыс күшін дифференциялау биологиялық, сол сияқты әлеуметтік фактормен де байланысты болды.

Аналық қызметін атқара отырып әйел қоғамдық өндірістегі өз қызметін үзуге мәжбүр болады, бұл оның мансабының өсу жолына жиі теріс әсер етеді. Осы теріс салдарды жеңуге тырыса отырып, әйел бала тууды шектейді, үнемі уақыт тапшылығы жағдайында үлкен салмаққа, күйзеліске душар болады. Аналитиктердің мәліметінше, Қазақстанда бизнеспен дербес айналысушы кәсіпкерлердің негізгі бөлігі – еркектер, әйелдер тек 28 пайызын құрайды екен [1].

Өзіндік сана мен қоғамдық пікір арасындағы мынадай ұқсастықтар типті болып келеді: жұмыс істемейтін және толықтай тұрмыспен және отбасымен шұғылданатын әйел – «үй шаруашылығын жүргізуші»; көп жұмыс істейтін, тұрмыспен және отбасымен аз шұғылданатын әйел – «мансапқор»; көп жұмыс істейтін, тұрмыспен және отбасымен көп шұғылданатын әйел – «еңбекқор». Әйелдің жұмыспен қамтылу тұрғысынан өзіндік сана мен нақты әлеуметтік жағдай үшін мұрат ететіндей нұсқаны табу – өте қиын міндет. Бірқатар дамыған елдерде әйелдер үшін кәсіби, ақы төленетін үй шаруашылығымен айналысу идеясы белсенді талқылануда, бірақ оған қарсыласушылар көп болып отыр [2].

Социум қалыптастыратын гендерлік рөлдерді орындау тұлғаның іштей ширығысымен және күйреуімен қабысып жатыр. Проблеманы зерттеушілер көптеген жұмыс істейтін әйелдердің балалары мен күйеуінің алдында өзі отбасына бөлетін уақыт тапшылығы үшін кінәлі сезінетінін атап көрсетеді.

Отбасылық рөлдің дәстүрлі стереотипі, феминділік пен әйелге тән нәзіктіктің бейнесі, көбінесе, қазіргі адамның қажеттіліктеріне сәйкес келмейді. Жынысына қойылатын талаптардың қатандығы оларды жиі мазасыздандырады.

Еңбек нарығында әрқашан қатаң бәсекелес күреске бара отырып, өзін әрқашан да «асыраушы» және әке рөлінде көрсете алмайды. Олар жауапкершіліктен және қоғамның қажеттілігінен қашу құралы ретінде алкогольді, есірткіні және еркектер ережесіне мазмұны жағынан емес, тек формасы жағынан жауап беретін девантты мінез-құлықтың басқа формаларын таңдап алады. Еркектерге отбасының ақшамен, жайлылықпен, жоғары мәртебемен бірегей болып келетін «табысын» қамтамасыз ету жөніндегі түпкілікті жүктелген инструментальды рөл экономикалық тұрақсыздық жағдайында оны жаншиды. Отбасын материалдық тұрғыдан қамтамасыз ету жөніндегі еркектік рөлі мәні бойынша олардың құлықтық және эмоционалдық мазмұнын құнсыздандырады. Әке мен жұбайдың меркантильді, тұтынушылық тұрғыдан қабылдануы іс жүзінде күйеуі мен әйелі, әкесі мен балалары арасындағы эмоционалдық байланыстың күйреуіне әкеледі, отбасының ішінара бұзылуына соқтырады. Әсіресе дәстүрлі стереотиптердің үстемдік етуі әйелдерге өте ауыр болады [3].

Экономикалық дағдарысты басынан кешіп жатқан елдерде ерлерге карағанда жұмыссыз әйелдер пайызы анағұрлым жоғары. Мысалы, Қазақстанда соңғы бес жыл ішінде жұмыссыз әйелдер пайызы барлық жұмыссыздардың 57-60 пайызы аралығын қамтиды. Біздің елімізде әйелдер бүкіл халықтың 51 пайызын құрайды және еңбек нарығында бәсекелестігі аз азаматтар санатына жатады. Олардың қомақты пайызын маргиналдылық пен люмпенизация процесіне тартылған әлеуметтік топтар құрайды. Әлеуметтік факті ретінде әйелдер жұмыссыздығы ерекше әлеуметтік проблеманы (алкоголизм, наркомания және оның салдары – баласыздық немесе жарымжан бала туу; қоғамдағы құлықты ыдыратуға соқтыратын жеңіл жүріске салыну) тудырады.

2000 жылдың 1 қаңтарынан бастап Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы еңбек туралы» заңы қол-

данысқа енді, ол қолданысқа енгізілгеннен кейінгі туындаған еңбек құқықтық қатынасына қолданылады [4]. Еңбек туралы жаңа заңның жобалары (жетеу) талқыланып, Республика азаматтарының мүдделерін, әсіресе әлеуметтік жағынан аз қорғалған: әйелдердің, жастардың мүддесін сақтау шеңберінде жетілдіру мақсатында қайта пысықтауға қайтарылды. Алайда мамандар Еңбек туралы жаңа заңның жұмыс берушілер тарапынан лоббилеуге ұшырағанын, оның негізінен, әлеуметтік қажеттіліктер үшін азырақ қаражат шығындауы үшін жаңа қожайынға бағытталғанын айтады. «Қазақстан Республикасындағы еңбек туралы» жаңа заңда осы санатқа арналған арнайы тарау жоқ; онда екі бап бар (6-тарау. «Демалыс уақыты»), оның бірінде (66-бап) жүктілігі және босануы, бір жарым жасқа дейін бала күту бойынша кезекті еңбек демалысы жөніндегі ереже бар. Көрсетілген қажеттіліктер бойынша кезекті демалысын, оның ішінде жалақысы сақталмайтын қосымша еңбек демалысын көздейтін осы екі бапта әйелдермен қатар (жақшада) еркектер де: ұл немесе қыз асырап алғанда кезекті еңбек демалысын алуға болатыны көрсетілген.

Қазіргі дамыған қоғамда әйел мен еркектердің әлеуметтік рөлдері жалпы үлкен өзгерістерге ұшырап, атап айтсақ: отбасы, еңбек, саясат сияқты барлық өмір сүру аумақтарында әлеуметтік рөлдердің мазмұны да өзгеріп отыр. Сонымен қатар гендерлік рөлдердің ішкі құрылымдары да өте динамикалы болып табылады, әсіресе қазіргі постмодернистік қоғамда әйелдердің әлеуметтік рөлдері дәстүрлі қоғамның барлық компоненттерімен қоса (аналық, отбасылық құндылық, т.б.) жаңа әлеуметтік-кәсіби, экономикалық, саяси рөлдерді де қамтып отыр.

Постиндустриалды қоғамда мәдени құндылықтар, сонымен қатар гендерлік жүйе де өзгеріске ұшырады. Қазіргі таңдағы әйелдер отбасының экономикалық жағдайын жақсартуға өз үлестерін қосу мақсатында, отбасылық өмірге карағанда, сыртта көбірек жұмыс істейді. Әйел еңбектерінің ерекшеліктері туралы туындаған сұрақтарға байланысты, эмпирикалық зерттеулердің бірнеше эмпирикалық нәтижелерін көрсетейік.

Сіздің жұмыс күніңіздің ұзақтылығы қаншалықты?

Сіздің жұбайыңыздың (егер тұрмыста болсаңыз) жұмыс уақытының ұзақтылығы?

Алынған мәліметтерге сүйенсек, көптеген әйелдердің жұмыс жасау ұзақтылығы 8 сағат, яғни олар 46,2 пайызды құрайды. Сонымен қатар айта кететін тағы бір қызықты жайт осы сұраққа жауап берген бірнеше әйел «Жұмыс күніміз нормаланбаған» (13,4 пайыз) деп жауап берді.

Бұл сұрақ-жауаптарға салыстырмалы талдау жасайтын болсақ, жалпы алғанда, әйелдердің жұмыс күн ұзақтылығы еркектермен салыстырғанда ондай алшақ емес екендігін байқауға болады [5]. Жауап берушілердің шамамен жартысына жуығы еркектермен бірдей 8.30-дан 18.30-ға дейін үйден тыста болатынын көрсетті.

Әйелдерді әлеуметтік дискриминациялаудың түрлері еңбек саласында да өзінше ерекшелікке ие. Өндіріс саласына әйел қауымының барлығы емес тек оның еңбекке жарамды (жасына қарай) бөлігі ғана тартылады, олар 16 жас-тан 54 жасқа дейінгілер, яғни бірінші орында репродуктивті жастағы әйелдер. Сондықтан да экономикалық бір қалыптылықты сақтау үшін, әйел жұмыс күшінің сұранысының төмендеуі еңбек нарығында жағымды фактор болып табылады. Еңбекке жарамды жастағы әйелдердің жұмысбастылығының орташа деңгейі 75,5 пайызды құрайды. Яғни орташа жас – 39,4 жас, бұның бестен бір бөлігі – 30 жасқа дейінгі жас әйелдер, ал 10 пайызы – зейнет жасындағы әйелдер.

Өндіріс саласында әйелдерді әлеуметтік дискриминациялаудың екінші бір ерекшелігі, ол мемлекеттік өнеркәсіп орындарымен салыстырғанда, жеке жұмыс секторларында, жұмыс беруші еркектердің жұмысшы әйел адында беделінің айқын сипатталуы. Жеке фирмаларда көбінесе кәсіподақтар жұмыс жасамайды немесе қызметін дұрыс атқармайды. Осы жеке секторларда әйелдер жағдайы көбінесе «жыныстық теңсіздікпен» айқындалады. Сонымен қатар «әйелге деген дискриминациялық қатынас» түсінігін сипаттағанда оның үш аспектісін көрсетуге болады:

- кәсіби сегрегация;
- еркек пен әйел еңбегінің төлемақысының тең болмауы;

– «екі еселенген жұмыс күні» [6].

Қазақстан саясатындағы гендерлік теңдік пен теңсіздікке тағы кішкене тоқталып кетсек, Қазақстан Республикасының Парламент мәжілісінде қазіргі таңда жалпы депутаттардың 24 пайызын әйелдер саны құрап отыр. Ал махпатта 17,1 пайызы – әйелдер. Жалпы, дамыған елдердің билік органдарында депутаттардың ішінде әйелдер саны 30 пайызды құрайды. Бүгінгі күні мемлекеттік атқарушы органдарында әйелдер саны біршама өсті, яғни олар 58 пайызды құрады. Ал саяси мемлекеттік қызметшілер, яғни шешім қабылдау деңгейінде, әйелдер 10,3 пайызды ғана құрап отыр [7].

Қазақстан саясатындағы гендерлік теңдік және теңсіздік мәселесіне кішігірім зерттеу жүргізіп көрдім және де ол зерттеуімді сіздерге ұсынып отырмын.

Қазақстан саясатында теңдік мәселесі жайында халыққа 10 сұрақтан тұратын сауалнама ұсынылды.

Олар:

1. Гендерлік теңдік дегенді қалай түсінесіз?
2. Қазақстан саясатында теңсіздік бар ма?
3. Біздің қоғамда әйелге қатысты теңсіздіктің мысалын келтіре аласыз ба?
4. Саясатта әйелдер қанша пайызды құрау керек?
5. Саясаттың қандай саласында әйелдер басым болуы қажет?
6. Әйелдерге саясатта істеу қаншалықты қиын?
7. Саясатта теңсіздіктің себептері неде деп ойлайсыз?
8. Саясаттағы «ерлер-әйелдер» балансын қалай теңдестіру керек? Қай жолмен саясаттағы әйелдердің санын көбейтуге болады?
9. Саясатта әйел санын көбейтуден қандай нәтиже шығады деп ойлайсыз?
10. Сіздің жынысыңыз?
11. Мамандығыңыз қандай?
12. Жасыңыз нешеде?

Міне, осындай сұрақтарға келген жауаптарды талдасақ:

Гендерлік теңдік деген ұғымға анықтама беруде ешбір респондент қиналмай, түрлі жауап берді. Жауап берушілердің жартысынан көбі гендерлік теңдік ұғымын әйел құқығының


барлық салаларында сақталып, орындалуы; оған саяси өмір белестері де, қоғамдық өмірдегі процестер де; мәдени, әлеуметтік мәселелердің тиімді шешілуі жататынын айтып кетті. Яғни әйел мен еркектің қазіргі қоғамда тең құқылы болу қажеттілігін қоғамның бәрі мойындауда, «гендерлік теңдік» деген ұғымды

респонденттердің 100 пайызы анық біледі және өз көзқарасын анық білдіреді.

Қазақстан саясатында теңсіздік бар ма, деген сұрақ әртүрлі дискуссияны тудырды. Осы сұрақ аясында жалпы респонденттердің жынысына қарай бөлінуін көрейік (№1 диаграмма).



№ 1 диаграмма – Респонденттердің жынысы




№ 2 диаграмма – Қазақстан саясатында теңсіздік бар ма?

Сұрауға қатысқандардың 68%-ы саясатта әйелге қатысты теңсіздік бар деп есептейді (№2 диаграмма) және бұлай жауап берушінің көбісі әйелдер болды. Ал қалған 30 пайызы саясатта да, басқа ешбір салада да теңсіздік орын алған жоқ деп есептейді. Бұл көбінесе ер адамдардың пікірі. Олардың ойынша, дамыған, демократиялы Қазақстанда әйел адамының толыққанды дамуына еш кедергі жоқ, әйтсе де саясатта басым орынды әйелге берудің қажеттілігі жоқ. Себебі қазақ әйелі – ең біріншіден, ана, аяулы жар болуы қажет, содан кейін ғана мансабын ойлау керек деп есептейді.

Келесі «Біздің қоғамдағы әйелге қатысты теңсіздіктің мысалын келтіре аласыз ба?» деген ашық сұрақ еді. Бұл жерде жауаптар көбінесе экономикалық және саяси аспектіде болды. Респонденттер саясатта әйел-депутаттарының, әйел-министрлердің аз болуын; сонымен қатар әйелдің жалақысының төмендігін; жұмысқа тұрарда баласының болуы салдарынан жұмысқа алмауын – ең басты теңсіздіктер деп есептейді.

Сондай-ақ қызық сұрақтардың бірі – статистикалық сұрақта қойылды. Бұл жерде респонденттерге саясаттағы әйелдердің қанша үлес құру қажеттілігі жайында өз пікірін білдіру қажет болды (№3 диаграмма).




№ 3 диаграмма – Саясатта әйелдер қанша пайызды құрау керек?

Диаграммдан көріп отырғанымыздай, респонденттердің көбісі 63 пайызы саясаттағы әйелдердің үлесін 10-20 пайыз көлемінде көріп отыр. Қалған 19 пайызы – әйелдің биліктегі басым көпшілік болуын дұрыс деп санайды, яғни 20-50 пайызы әйел болуы қажет деген жауапты таңдады.

«Саясаттың қай бағытында әйелдер басым болуы қажет?» – деген келесі сұраққа жауаптарды талдайық.

Ұсынылған нұсқалардың ішінен ең көп белгіленгені – әлеуметтік сала; екінші орында – денсаулық сақтау саласы; қалған нұсқалары – экономика, партия үшінші орында (№ 4 диаграмма).



№ 4 диаграмма – Саясаттың қай бағытында әйелдер басым болуы қажет?

Маңызды сұрақтардың бірі – гендерлік теңсіздіктің себептерін анықтау болды. Респонденттер көбінесе гендерлік теңсіздіктің себебін шығыс менталитетімен және қоғамда қалыптасып қалған көзқарастармен байланыстырды.

Соңғы сұрақтардың бірі – саясатта әйелдің саны көбейсе, қандай өзгерістер болатынын анықтау. Респонденттер әйелдің анағұрлым төзімді, дипломат, ісіне адал болатынын атап кеткен. Әйел адам күмәнді мәмілеге, авантюраға, басы артық тәуекелшілдікке бармайды. Ғалымдардың зерттеуі бойынша, әйелдер өздерінің табиғи қасиетіне орай тұрақтылықты жанжалдан жоғары қояды, сондықтан олар қолдағы билікті теріс пайдалануға бара бермейді. Ең маңыздысы – мұның мемлекет

игілігі үшін істелуі. Егер де әйел мемлекеттің дамуына қарқын бере алатын болса, онда неге оған саясатқа араласпаса?

Зерттеу нәтижесі бойынша мынадай тұжырымдама жасалды:

1. Қазақстан қоғамында, соның ішінде саясатта гендерлік теңсіздік бар.
2. Теңсіздіктің себебі шығыс менталитеті мен «әйел саясатқа көп араласпауы керек» деген сияқты көзқарастар.
3. Саясаттағы теңсіздіктің мысалы – әйел депутат пен министрлердің аз саны.
4. Әйелдер саясаттың әлеуметтік, денсаулық сақтау сияқты бағыттарында басым болуы қажет.
5. Әйелдер саясатта 25 пайыздай үлеске тиесілі.

Әдебиеттер

- 1 Михайлов А. Кое-что о малом бизнесе // Ковчег. – 1998. – № 25. – С.30.
- 2 Дорин А.В. Экономическая социология. - Минск, 1997. – С.74.
- 3 Ажгихина Н. На пути к обретению силы //WE/МЫ: Диалог женщин. Специальный выпуск. – М.: Эслан, 2000. – С.16.
- 4 «О труде в Республике Казахстан». Закон Республики Казахстан (в сравнении с КЗоТ Казахской ССР): практическое пособие. - Алматы, 2000.
- 5 2008 г. – Итоги социологического исследования «Защита прав наемных работников в г. Алматы». – Алматы: Компьютерно-издательский центр ОО ДООИВА, 2009. – С.100; 2009 г. – Итоги социологического исследования «Отцы и дети», МКИ Лот №141.
- 6 Франковский С., Гольдман Р., Ленговская Э. Верховная Суд США о гражданских правах и свободах. – С.39-42.
- 7 Доклад «О ситуации с правами человека в Республике Казахстан в 2011 году». Комиссия по правам человека при Президенте РК / под редакцией К. Султанова, Т. Абишева. – Астана, 2012. – С.80-81.

References

- 1 Mikhaylov A. Koe-chno o malom biznese // Kovcheg, 1998. – №25. – S.30.
- 2 Dorin A.V. Ekonomicheskaya sotsiologiya. – Minsk, 1997. – S.74.
- 3 Azhgikhina N. Na puti k obretneniyu sily //WE/MY: Dialog zhenshchin. Spetsialnyi vypusk. – M.: Eslan, 2000. – S.16.
- 4 «O trude v Respublike Kazakhstan». Zakon Respubliki Kazakhstan (v sravnenii s KZoT Kazakhskoi SSR): Praktichkoe posobie. - Almaty, 2000.
- 5 2008 g. – Itogi sotsiologicheskogo issledovaniya «Zashchita prav naemnykh rabotnikov v g. Almaty». –Алматы: Компьютерно-izdatelskiy tsentr OO DOIVA, 2009. – S.100, 2009g. – Itogi sotsiologicheskogo issledovaniya «Ottsy i deti», MKI Lot № 141.
- 6 Frankovski S. Goldman R., Lentovska E. Verkhovnyy sud SSHA o grazhdanskikh pravakh i svobodakh.– S.39-42.
- 7 Doklad «O situatsii s pravami cheloveka v Respublike Kazakhstan v 2011 godu». Komissiya po pravam cheloveka pri Prezidente RK/pod obshchey redaktsiey K. Sultanova, T. Abisheva. – Astana, 2012. – S.80-81.